



САНЫ ДА,
САПАСЫ ДА ӨССЕ...

5-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ



ҚАСИЕТТІ ҚАДІР ТҮНІНІҢ
БЕЛГІСІ БАР МА?

6-БЕТ | ИМАНТАРАЗЫ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ЖАЛПЫ, ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ АЛДЫН АЛА ЖӘНЕ ШЫН МӘНІНДЕ МҰҚТАЖ ЖАНДАРҒА КӨРСЕТІЛУГЕ ТИІС. ДЕГЕНМЕН КЕЗ КЕЛГЕН КӨМЕК МАСЫЛДЫҚҚА СЕБЕП БОЛМАУЫ КЕРЕК. ӘСІРЕСЕ, ЕҢБЕККЕ ЖАРАМДЫ ЖАС АЗАМАТТАР ЖӘРДЕМАҚЫҒА ҚОЛ ЖАЙМАУҒА ТИІС. ДЕНСАУЛЫҒЫ МЫҚТЫ, КҮШ-ҚУАТЫ БАР АЗАМАТТАР ҮШІН БҰЛ – ҰЯТ НӘРСЕ. АЛ ЗИЯНДЫ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН АДАМДАРҒА АЙРЫҚША КӨҢІЛ БӨЛУ КЕРЕК.

№45
(4478)

Сейсенбі
18 сәуір
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Оңалхан ӨНЕРХАН



Сәуір айы ортасынан ауып, жаздың жайдары күндеріне иек артамыз дегенде, елорда омбы қардың ортасында қалды. Табиғаттың тосын мінезін қазақты таным-түсініктегі «бесқонаққа» баласақ та, төтенше жағдай қала коммуналдық қызметіне үлкен міндет жүктеді. 16 сәуірден 17 сәуірге қараған түнде қаладан 23 мың текше метр қар шығарылды. Бұл жұмыстарға мыңдаған техника мен 2,2 мыңнан астам қар тазалаушы жұмылдырылды.

Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдық мерейтойына 500-ден астам іс-шара ұйымдастырылады, оның 50-ге жуығы халықаралық және республикалық деңгейде өткізіледі. Бұл туралы Сыртқы істер министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

СҰЛТАН БЕЙБАРЫС САЛТАНАТЫ

Өткен жылы күзде Астанада Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев әл-Азһардың Бас имамы шейх Ахмед ат-Тайебен кездесіп, Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығын тойлау аясында өтетін іс-шаралар талқыланған болатын.

Мерейтойға қатысты 500-ден астам іс-шара ұйымдастыру жоспарланса, оның 50-ге жуығы халықаралық және республикалық деңгейде өткізіледі. Бұл іс-шаралар мәдени-ағарту және білім беру салаларында ұлы Сұлтан Бейбарыс мұрасын кеңінен



насихаттауды көздейді. 2023 жылғы 24 ақпанда Астанада көрнекті қолбасшы Сұлтан Бейбарыс атындағы көше ашылды. Қазақстанда өтетін мерейтойлық іс-шаралар тізбесі бекітілген.

«БЕСҚОНАҚТЫҢ» БОРАНЫ

НЕМЕСЕ ОТЫЗ ЖЫЛДА
ҚАЙТАЛАНҒАН ОМБЫ ҚАР

4



РЫБАКИНА
ФИНАЛҒА ШЫҒАРДЫ

Астанада өткен Билли Джин Кинг кубогының іріктеу кезеңінде Қазақстанның әйелдер құрамасы Польша теннисшілерін ұтып, әлем чемпионатына жолдама алды.

Бірінші ойында Юлия Путинцева әлемнің 19-ракеткасы Магда Линетті екі сетте ұтып есеп ашса, екінші ойында Елена Рыбакина Вероника Фальковсканы 6:3 және 6:4 есебімен тізе бүктірді.

Екінші күні еліміздің бірінші, әлемнің 7-ракеткасы Елена Рыбакина іріктеу кезеңіндегі екінші қарсыласы Линетті 2:0 есебімен ұтып, жалпы есепті 3:0-ге жеткізіп,

Қазақстан құрамасын әлем чемпионатының финалына алдын ала шығарып қойды. Соңғы жұптық ойында Анна Данилина мен Юлия Путинцева қарсыластарына жол бергенмен, бұл ойынның нәтижесі жалпы көрсеткішке әсер етпеді.

Финалдық кезеңде Қазақстан құрамасы Швейцария немесе Австралия қыздарымен ойнайтын болады.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 489.75 \$ USD/KZT 448.82 ₸ RUB/KZT 5.46 ¥ CNY/KZT 65.05

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



БҰҰ ӨКІЛІМЕН ПІКІР АЛМАСТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас хатшысының саяси мәселелер жөніндегі көмекшісі Мирослав Енчаны қабылдады. Мемлекет басшысы жоғары лауазымды дипломатқа ілтпат білдіре отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымымен көпжақты ынтымақтастықты дамыту тұрғысынан оның бұл сапары маңызды екенін атап өтті.

Кездесу барысында Қазақстан мен БҰҰ арасындағы нақты іс-әрекеттердің маңызды бағыттары, соның ішінде Орталық Азия бойынша Превентивті дипломатия жөніндегі өңірлік орталық аясындағы мәселелер талқыланды. Алматыда Орталық Азия мен

Ауғанстанның орнықты даму мақсаттары жөніндегі БҰҰ-ның өңірлік орталығын ашу перспективаларына ерекше назар аударылды.

Өз кезегінде Мирослав Енча Қазақстан мен БҰҰ арасындағы ынтымақтастық деңгейіне, сондай-ақ елімізде жүргізіліп

жатқан саяси реформаларға жоғары баға берді. Бұдан бөлек, олар өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришке сәлемін жолдады.

ЖАРҚЫН ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев грек-рим, еркін және әйелдер күресі бойынша Астанада өткен Азия чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін жарқын жетістіктерімен құттықтады.

«Сіздер байрақты бәсекеде топ жарып, ел абыройын асқақтаттыңыздар. Боз кілемде жеңіске деген ерік-жігер мен шеберліктің озық үлгісін көрсетіп, жанкүйер қауымға зор қуаныш сыйладыңыздар. Бұл – табандылық пен қайсарлықтың, тынымсыз еңбектің

нәтижесі. Сіздердің жеңістеріңіз спортты серік еткен жастарды жігерлендіріп, биік белестерге бастайтыны сөзсіз. Еліміз күрес өнерін дамыту үшін барлық жағдайды жасап отыр. Балуандарымыздың дүбірлі додаларда үздіктер қатарынан көрінуі – соның

айқын дәлелі» деп жазылған Президенттің құттықтау хатында.

Мемлекет басшысы спортшыларымыздың алдағы уақытта да аламан сайыстарда жоғары нәтиже көрсетіп, ел мерейін көтере беретініне сенім білдірді.

БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫСҚА ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ БӨЛЕДІ

Жуырда Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек пен Астана мәліхатының төрағасы Ерлан Каналимов елорда Ардагерлер кеңесінің пленумына қатысты. Бұл туралы Ерлан Каналимов өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Бүгінгі таңда Астанада 100 мыңнан астам зейнеткер, соның ішінде 10 ҰОС ардагері, 1544 тұл еңбеккері тұрады. Елордамыздың қарт тұрғындары үшін қазіргі таңда өмір сүру сапасын арттыру бағытында кешенді іс-шаралар жүзеге асырылуда. Белсенді ұзақ өмір сүру, сондай-ақ әлеуметтік қызмет көрсе-

ту орталықтары ашылууда. Астана қаласының әкімімен бірге қалалық Ардагерлер кеңесі пленумының жұмысына қатыстық. Кездесуде ардагерлер ұйымының Астана қаласының мәліхатымен және әкімдігімен санитарлық-курорттық емдеу, тіс протездеу қызметін көрсету, тұрғын үйлерді газдандыру,

отын сатып алу кезінде әлеуметтік көмек тағайындау, Жеңіс күні мен Қарттар күніне біржолғы төлемдер мәселелеріне қатысты жемісті ынтымақтастығымыз атап өтілді. Депутаттардың Ардагерлер кеңесімен бірлескен жұмысы одан әрі жемісті жалғасатынын атап өткім келеді» деді қалалық мәліхат төрағасы.

ҚАЗАҚСТАН АУҒАНСТАНҒА КӨМЕК ЖӨНЕЛТТІ

Осы мақсатпен жолға шыққан арнайы пойыздың 81 вагонына өсімдік майы, ұн, сүт өнімдері тиелген. Бұл пойыз қазір жолда, Ауғанстанға кетіп барады. Бұдан бөлек ұшақпен дәрі-дәрмек жеткізілді.

15 сәуірде Премьер-министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғарин Президенттің тапсырмасымен Кабулға барып, уақытша билік өкілдерімен кездесті. Жұмыс сапары барысында

Ауғанстанда Қазақстанның сауда үйін ашу жөнінде шешім қабылданды.

«Бүгінгі миссиямыздың басты мақсаты – Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау. Қазақстан халқынан Ауғанстан

халқына гуманитарлық миссиямен біраз тауар әкелдік. Қазіргі уақытта 5 мыңнан астам тауар Галабай деген стансаға келді. Мұнда қазір өзімізбен бірге дәрі-дәрмек әкелдік» деп мәлімдеді Серік Жұманғарин.



АУЛА КЛУБТАРЫ ТАЛАПҚА САЙ ЕМЕС

Елдің бәсекеге қабілет деңгейін өлшеудің құралы – спорт. Ал спорт бұқаралық сипат алғанда ғана дамиды. Елорданы кәсіпкерлер немесе жастар қаласы деп жатады. Спортшылар қаласы болуы үшін не істеу керек? Бұл сұраққа қалалық мәліхат депутаттары жауап іздеп, Астанадағы спорт нысандарына арнайы барды.



Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

Астанада 25 аула клубы бұқаралық спорттың дамуына үлес қосуда. Оның 9-ы Астана қаласы

әкімдігінің коммуналдық меншігіндегі үй-жайларда болса, 16 аула клубы жекеменшіктегі үй-жайларда орналасқан. Алайда аула клубтары талапқа сай болмай тұр. Міне, депутаттар бірінші осыған мән беріп, Ахмет

Жұбанов көшесі №10 үйіндегі «Астана» және «Бәйтерек» спорт клубының есігін ашты. Бұл нысан талапқа сай емес екен. Стандарт бойынша күн сәулесі еркін түсетін, төбесі биік, ауасы кең болуы керек. Жертөлде

орналасқан нысанда мұндай талап-міндет қайдан сақталсын?!

Халық қалаулылары осыны көріп аң-таң болып, елордада осындай спорт нысанының болғаны ұят екенін алға тартты. Әрі алдағы мәліхат сессиясының күн тәртібіне қойып, аудан әкімі және жауапты сала басшысын шақырып, мәселенің шешу жолын қарастыру маңызды екенін айтты.

Одан кейін депутаттар Аманат көшесі, №3 үйдегі «Жас талап» жастар денсаулығы орталығына тоқтады. №6 қалалық емхананың базасында орналасқан орталықтың қызметі әмбебап. Онда жасөспірімдер мен жастар медициналық-психологиялық және медициналық-әлеуметтік көмек алады. Яғни жастардың денсаулығын нығайтуға және әлеуметтенуіне қолайлы жағдай қамтамасыз етеді. Орталық консультативтік, құқықтық, медициналық және психологиялық көмек көрсетумен, жыныстық жолмен берілетін аурудың алдын алумен, репродуктивті денсаулық сақтау және жас ұрпақтың жауапсыз мінез-құлқының қаупі туралы ақпараттандырумен айналысады.

Үшінші нысан «Арқа алап» ұлттық спорт турлерін дамыту орталығы болды. Заманауи спорт нысанында жас спортшылар қазақ күресі, асық ату, шахмат және тоғызқұмалақ бойынша қабілетін шындайды.

Депутаттар орталықтың қызметі қала тұрғындарына қолжетімді ме, осы жағын сұрады. Белгілі болғандай, «Арқа алап» тегін қызмет көрсетеді екен.

Екі жыл бұрын Астана қаласындағы Қабанбай батыр даңғылы, 58Б үйде «Жастарға қызмет көрсету орталығы» ашылған еді. Бұл орталық жастарға кәсіптік бағдар беріп, жұмысқа орналасуға, түрлі мемлекеттік бағдарламаға қатысуға көмек көрсетеді. Орталық қызметі жастар үшін тегін.

Халық қалаулылары орталық қызметіне жақсы баға берді. Тек жастар арасында ақпараттандыруды күшейтуді тапсырды.

Қалалық мәліхат депутаттары бұқаралық спорттың дамуына маңыз беріп, жастар бос уақытын тиімді өткізудің тегін қарастыруы – құптарлық жағдай. Дегенмен қала маңындағы Көктал-2, Өндіріс, Үркер, Теміржолшылар тұрғын алабындағы дене шынықтыру кешендері қандай деңгейде? Сарыарқа, Байқоңыр, Есіл, Алматы, Нұра ауданында тұратын тұрғындардың бұқаралық спортпен шұғылдануға спорт нысандары жеткілікті ме? Жасөспірімдер ғана емес, қала тұрғындарының спортпен шұғылдануына жағдай жасалған ба? Бұл сұрақтарды да зерттеу маңызды деп білеміз.



Василий КРАСЬ

ЕСКІ ДЕ ЕСТІ ӘНДЕР КЕШІ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының «Сарыарқа» халық музыка ансамблі «Сол бір кез» атты ретро концертін ұсынды.



Ескі болса да, ешқашан ескірмейтін есті әндер кешінде халық әндері, Шәмші Қалдаяқов, Әбілахат Еспаев, Әсет Бейсеуов, Ескендір Хасанғалиев, Жақсыгелді Сейілов, Төлеген Мұхамеджанов сынды қазақтың көрнекті композиторлары мен Исаак Дунаевский,

Владимир Шаинский, Александр Зацепин секілді кеңес және орыс сазгерлерінің туындылары шырқалды. Сондай-ақ елге сүйікті фильмдердің әндері мен әуендері қалықтады. Атап айтқанда, «Гүл Алматы», «Анаға сәлем», «Маралдым», «Шақырады көктем» сынды баяғының баянды әндерімен қатар, «Тақиялы періште», «Қызметтік роман», «Кавказ тұтқыны», «Махаббат бекеті» сынды және т.б. сүйікті фильмдердің әндері орындалды.

Кешке Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Майра Глиясова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Естай Мұқашев, Светлана Айтбаева, Азамат Жылтыркөзов, Арайлым Рахым, Мәдениет саласының үздігі Нұрай Танабаев, «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаттары Нұрбол Балапанов, Ақбоға Құснадин және басқа да өнерпаздар, «ALEM» заманауи би балеті қатысты.

Кеш қонақтары «Дос-Мұқасан» фильмінде басты рөлдерді сомдаған астаналық «Жастар» театрының әртістері Мейіргат Амангелдин, Елдос Шәйкенов, Саят Мақұлбаев та көрермендерге сүйікті әндерін еске түсірді.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ



ШАРШЫ ТАҚТАДАҒЫ ТАРТЫС

Әлемнің шахмат жанкүйерлерінің назары Қазақстанға ауып, Астанада тараған әрбір жаңалықты жіті бақылап отыр. Енді ше, әлем тәжіне иелік ету үшін ресейлік Ян Непомнящий мен қытайлық Дин Лижэнь ой таластырады.

Екі гроссмейстердің арасындағы бірінші партия тартысты өрбіп, 49-жүрісте қарсыластар қолдарын беріп, тең ойынға келісті. Екінші партия Ян Непомнящийдің пайдасына шешілді. Дүрресі, қытайлық шахматшы Дин Лижэнь 29-жүрісінде жеңілгенін мойындады. Үшінші партияды Ян Непомнящий ақ фигуралармен, Дин Лижэнь қара тастармен ойнап, 30-жүрісте екі шахматшы тең түсіп, 0,5 ұпайдан еншіледі. Осылайша шахмат тақтасындағы тартыс қыза түсті. Төртінші партияды Дин Лижэньдің ұтқыр жүрістері жеңіске жеткізді. Ал бесінші партияды Ян Непомнящий, алтыншысында Дин Лижэнь үстем болды. Гроссмейстер арасындағы тартыстың нүктесі 30 сәуірде қойылады. Жаһан жұрты Ян мен Диннің ой тартысына көз тігіп отырғанда, шахматтан Қазақстан әйелдер құрамасы мен әлем құрамасы ой жарыстыратын болды. Дүниежүзілік шахмат тарихында тұңғыш рет орын алған ойынға Динара Сәдуақасова, Жансая Әбдімәлік, Бибісара Асаубаева, Меруерт Камалиденова, Лия Құрманғалиева, Ксения Балабаева, Алуа Нұрманова және Зарина Нұрғалиева қатысады. Ал әлем құрамасы сапында Хоу Ифань, Нана Дзагнидзе, Харика Дронавалли, Гүнай Мамедзаде, Нұрғүл Салимова, Жока Гаал, Шри Б.Савита және Афруз Хамдамова ойнайды.

ЖАҢА ҚАДАМ – ЖАҢА ҰРПАҚ

Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында № 2 Өнер мектебінің «Жаңа қадам – жаңа ұрпақ» атты жылдық есеп беру концерті өтті.

Концертте өткен оқу жылында түрлі байқаулар мен фестивальдарға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүрген мектептің шәкірттері мен түлектері өнер көрсетті. Бұл қатарда «Qazaqstan дауысы. Балалар» жобасының финалисі Елікай Сәменбек, «Junior Eurovision» байқауының Қазақстан ұлттық іріктеуінің және «Qazaqstan дауысы. Балалар» жобасының финалисі

Әйкерім Тілеубек, Ресейде өткен «Балалар жаңа толқыны» халықаралық ән байқауының лауреаты Айғаным Амантай әннен шашу шашса, домбырашылар мен бишілер өз өнерлерін көрсетті.

Кештің қонақтары – танымал әншілер Майра Глиясова, Маржан Арапбаева, Жанар Дұғалова және ерекше мақамдар иесі Мақпал Жұмбабай балалармен бірге ән шырқады.



АЗИЯДА ҮЗДІКПІЗ!

Ұлттық спорт журналистикасының негізін қалаушы Сейдахмет Бердіқұлов «Аспаннан шұға жауған күн» деген мақаласын тұшынып оқығаным бар-ды. Оңтүстік-Шығыс Азияда өткен байрақты бәсекеге түскен велошабандоздың көңіл-күйін қаламгер осылай сипаттайды. Сол секілді «Аспаннан алтын жауған күн» десек, 37-рет Астанада ұйымдастырылған Азия чемпионатының мән-маңызын ашқандай боламыз.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Жарыстың соңғы екі күні еркін күрес шеберлері бозкілемге көтеріліп, шеберлік байқақты. Байрақты бәсекеге Мадияр Құрамысовтың балуандары бабында келіпті. 70 келіде Санжар Досжанов, 79 келіде Болат Сақаев екеуі жартылай финалда Иранның мықтысын ұтса, финалда

Өзбекстан өкілінен айласын асырды. Әсіресе, Болат Сақаевтың финалдағы қарсыласы Бекзод Абдурахмоновтың даңқынан ат үркетіні рас. Токио Олимпиадасының жүлдегері, бірнеше рет Азияны ұтқан айталы, айбарлы қарсылас. Алайда Болат бабында екен, өзбекстандық балуанның мысын оңай басты. Одан кейін 4 салмақта қазақстандық балуандар белдескен финалдық бәсекені тамашаладық.

74 келіде белдескен Дархан Есенғали финалда жапон өкілі Кирия Киришиитаны ұтып, алтыннан алқа тақса, 86 келіде Азамат Дәулетбеков Иран мықтысы Ализера Каримидің осал тұсын тауып, екі дүркін Азия чемпионы атанды. Ал 92 келіде Ризабек Айтмұхан, 125 келіде Юсуп Батырмұраев күміс медальды қанағат тұтты.

Сөйтіп, Қазақстан еркін күрес командасы 4 алтын, 2 күміс, 1 қола медальмен (2006, 2021 жылы Қазақстан еркін күрес балуандары 3 алтын медаль ұтып алған-ды), 179 ұпай жинап, командалық есепте бірінші орыннан көрінді. Командалық есепте 129 ұпай жинаған Жапония екінші, 124 ұпай жинаған Иран үшінші орынға ие болды.

Жарыстың алғашқы күндері бозкілемге көтерілген грек-рим күрес шеберлері 1 алтын, 2 күміс, 5 қола медальмен 160 ұпай жинап, жалпы командалық есепте үшінші орынға тұрақтаған-ды. 10 салмақ дәрежесінің 7-інде финалға шыққан ирандық балуандар 5 алтын медальға ие болды.

Кейінгі жылдары қырғызстандық грек-рим шеберлерінің өнеріне қызыға, әрі қызғана қарайтын болдық. Әсіресе, 60 келіде кілемнің көркін қыздырып жүрген Жоламан Шаршенбеков пен 77 келідегі қырғыз мықтысы Ақжол



Махмудовтың әдіс-тәсілді орындау шеберлігіне, өз-өздерін сенімді ұстап, қарсыласының мысын жақсы басатынын білеміз. Бұлар біздің балуандар үшін алынбас қамал болып тұр. Айтпағым, Иран мен Қырғызстан бірінші екінші орынды бөліссе, Қазақстан грек-рим шеберлері үшінші орынмен ойынды түйіндеді.

1995 жылы грек-рим күресінің балуандары Руслан Жұмабеков, Бахтияр Байсейитов, Дәулет Тұрлыханов, Сергей Матвионко төрт алтын медаль алған еді. Бұл нәтижені қайталауға әзірге мүмкін болмай тұр. Бір өкініштісі де сол!

Әйелдер күресінде біздің бұрымдылар жерге қаратпай, 2 алтын және 3 қола медаль ұтып алды. 76 келіде сыңға түскен Эльмира Сыздықова екі дүркін, 72 келіде белдескен Жамиля

Бакбергенова үш дүркін Азия чемпионы атанып, ұлт спортының жаңа тарихи бетін ашты.

Бұрымдылар күресінде командалық есепте Жапония көш бастаса, Қытай мен Үндістан екінші-үшінші орынды бөлісті. Одан кейінгі орындарға Қазақстан, Өзбекстан, Моңғолия, Қырғызстан ие болды.

Күрес түрлері бойынша жалпы командалық есепте Қазақстан 7 алтын, 4 күміс, 9 қола медаль алып, бірінші орыннан көрінді. Жапония еншісіне 6 алтын, 4 күміс, 10 қола медаль тиіп, командалық екінші орын алса, Иран командасына 6 алтын, 3 күміс, 4 қола медаль бұйырып, үшінші орыннан көрінді. Одан кейінгі орындарды Қырғызстан, Қытай, Өзбекстан, Үндістан, Моңғолия, Бахрейн, Корея елі еншіледі.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №45

Баспаханасы: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-teklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлшат САПАРҚЫЗЫ